

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 23 қазандағы № ДС-361 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты депутаттық сауалыңызды қарастырып, келесіні хабарлаймын.

Фермерлерден шикізат сатып алу механизмдерін енгізу арқылы «Азық-түлік корпорациясын» ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, сақтау және өткізу мәселелеріне қатысты

2024 жылғы 29 қаңтарда «Азық-түлік келісімшарттық корпорациясы» АҚ-ның даму жоспарына өзгерістер енгізіліп, жеке нарыққа ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, сақтау және өткізу мәселелерінде көмек көрсету мақсатында үшжақты форвардтық сатып алу тетігі енгізілді. Бұл механизм бойынша Азық-түлік корпорациясы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден (*әрі қарай – АШТӨ*) шикізатты кепілдендірілген түрде сатып алады, ал қайта өңдеу кәсіпорындары оны өңдеп, дайын өнім шығарады.

2024 жылы пилоттық жобаның іске асуы басталып, Шығыс Қазақстан облысындағы өндірушілермен үшжақты келісімдер жасалды. Механизм АШТӨ-нің егіс жұмыстарын қаржыландыруға, егіннің кепілді өткізілуіне және азық-түлік бағасының тұрақтылығын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Қазіргі таңда Азық-түлік корпорациясының қорында 120 тонна күріш жармасы мен 300 тонна қарақұмық жармасы бар, сондай-ақ 2024 жылдың қараша айының соңына дейін бұрын қаржыландырылған көлем бойынша 700 тонна қарақұмық жармасымен 10 мың тонна күнбағыс түсуін күтілуде. Қосымша, Азық-түлік корпорациясы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасының өсуін тежеу қажет болған жағдайда ұн тарту, мал шаруашылығы және құс шаруашылығы кәсіпорындарына арзандатылған бағамен 200 мың тоннаға дейін азық-түлік және 15 мың тонна дейін жемдік астықты сатуға дайын. Сыртқы нарықта Азық-түлік корпорациясы Қытай, Иран, Әзербайжан және Еуропа елдеріне астық жеткізу бойынша келісімдер жүргізуде.

«Шикізат – өңдеу – сату тұтынушы» қағидаты аясында фермерлердің жұмыстарын жандандырып, салаға қызығушылықтарын арттыру үшін оларды барлық салықтан босатуға қатысты

Салық кодексінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін арнайы салық режимдері қарастырылған:

- Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен кооперативтерге корпоративтік табыс салығы, жеке табыс салығы, әлеуметтік салық, мүлік және көлік салығын 70 %-ға азайтумен төлеуге құқылы. Арнаулы салық режимі жеке меншік немесе жер пайдалану құқығына ие тұлғаларға беріледі. Ара шаруашылығы мен кооперативтер бұл режимге кірмейді.

- Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін 6 түрдегі салықты *(жеке табыс салығы, әлеуметтік салық, жер, көлік, мүлік салығы, эмиссия үшін төлем)* біріңғай жер салығына ауыстырады. Сонымен қатар, олар қосылған құн салығын *(әрі қарай – ҚҚС)* төлеуші емес, салық салынатын табысына 10 % мөлшерлеме бойынша салық салынады. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін ҚҚС сомасы 70%-ға азайтылады.

Отандық ауыл шаруашылық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында мемлекеттік, квазимемлекеттік, мұнай және тау-кен саласындағы компанияларды өзіміздің тамақ өнімдерімізді кеңінен тұтынуына, сатып алуларына іс-шара қарастыруға қатысты

Мемлекет басшысының отандық тауар өндірушілерді *(бұдан әрі – ОТӨ)* қолдау және отандық тауарлардың үлесін арттыру жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде *(тауарларды реттеліп сатып алуда отандық өндірушілермен офтейк - келісімшарттардың үлесін 10 %-ға дейін жеткізуге және 3 жыл ішінде реттеліп сатып алудағы қазақстандық қамту үлесін кемінде 60 %-ға дейін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қабылдау)* ағымдағы жылдың 2 сәуірінде Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен ұлттық режимнен алып тастауға жататын азық-түлік тауарларының тізбесі бекітілді, оған 39 азық-түлік тауарлары, оның ішінде 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары кірді.

Бұл шара реттелетін сатып алулардағы отандық тауарлардың үлесін ұлғайтуға және ОТӨ қолдауын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңды *(2025 жылдың 1 қаңтарында қолданысқа енгізіледі)* іске асыру шеңберінде «Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін, тәртібі мен көлемдерін бекіту туралы» бұйрық әзірленді.

Бұйрық жобасына сәйкес құны 50 мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен арасында жүзеге асырылатын болады.

Бұл ретте тауарларды сатып алу тек қана тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілер тізілімінен жүзеге асырылатын болады. Осылайша, бұйрықты қабылдау отандық тауар өндірушілерді ұлттық режимнен алып қоюды белгілемей қолдауға мүмкіндік береді.

Кәсіпорындардың өндірісіне қажетті сырттан келетін технологиялық құралдарды кедендік төлемсіз әкелуіне бағытталған тиісті шешімдерді қабылдауға қатысты

«Қосылған құн салығы есепке алу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесін және оны қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» *(Ұлттық экономика министрінің м.а. 2018 жылғы 21 ақпандағы № 67) бұйрығына сәйкес ҚҚС есепке алу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізімінде ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өндірісіне қажетті тауарлар бар.*

Анықтама: ққс есептеу әдісімен төлеу жөніндегі норма экономиканың қосалқы жабдықтар, техника және оларға жиынтықтауыштар өндірісі жоқ салаларында мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында енгізілген.

Өнеркәсіп және құрылыс, Сауда және интеграция министрліктеріне жүн-тері - мақта өңдеу өндірістерін жаңғыртуға байланысты нақты жол картасын дайындау бойынша

Қазақстанда агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мақсатында түрлі мемлекеттік қолдау шаралары енгізілген. Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары (2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығымен бекітілген) сәйкес, ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жүнін өңдеу кәсіпорындары құрылысын және жаңғыртуын субсидиялау қарастырылған. Бұл салада шығындарды өтеу үшін арнайы рұқсат етілген сомалар белгіленген, мысалы, былғары кәсіпорындары үшін құрылыс кезінде 661 млн. теңге, кеңейту кезінде – 430 млн теңгені құрайды, жүн өңдеу кәсіпорындары үшін – 868 млн. теңге, кеңейту кезінде – 430 млн теңгені құрады.

Сондай-ақ, теріні терең өңдеу жобалары үшін тәулігіне 1000 килограмнан бастап жүнді терең өңдеу жөніндегі кәсіпорын (құрылыс және кеңейту кезінде рұқсат етілген ең жоғары құны 4 млрд. теңгені құрайды) және тәулігіне 2 000 данадан бастап ірі қара мал терісін және 5 000 дана ұсақ мал терісін тереңдете өңдеу кәсіпорыны (құрылыс кезінде рұқсат етілген ең жоғары құны 4,6 млрд. теңге, кеңейту 2,3 млрд. теңгені құрайды) паспорттары енгізілді. Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі 25 %-ды құрайды.

2023 жылдың 31 тамыздағы № 322 бұйрығымен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы тері мен жүн өңдеу жобаларына бюджеттік кредит беру мүмкіндігі ашылды. Сонымен қатар, 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 28 маусымдағы № 512 қаулысы). Кешенді жоспарды іске асыру үшін республикалық бюджеттен 371,7 млрд. теңге қосымша қаражат бөлініп, жүн дайындайтын ұйымдарды құру мен фермерлерді субсидиялау қарастырылған.

Мақта өңдеу өндірісін дамыту мақсатында 2022-2025 жылдары жеңіл өнеркәсіпті дамытудың жол картасы іске асырылуда. Бұл салада мақта-тоқыма кластерін құру жоспарланған, сонымен қатар 2023 жылы 11 желтоқсанда Түркістан облысында мақта саласын дамыту жол картасы бекітілді, оның ішінде 75 жаңа кәсіпорын мен 42 мың жаңа жұмыс орны ашу көзделген. 2027 жылға қарай мақта бағасына экспорттық тәуелділік жойылады.

Жоғарыда айтылғанға байланысты жаңа жол картасын жасау қажеттігі жоқ екенін атап өтеміз.

С. Жұманғарин